

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 684-1 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобы бойынша:

226 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі бойынша:

016 "Денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту" бағдарламасында:

"Астана қаласында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 240 төсекке арналған Балалар денсаулығы ғылыми орталығын салу 47000

Астана қаласында 350 төсек ауысымда әйелдер консультациясы бар 250 орынға арналған перинаталдық орталығын салу 700000" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласында 500 төсектік Ана мен бала республикалық ғылыми орталығының құрылысын салуға 747000";

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 235-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

5-бағанда "Астана қаласында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 240 төсектік Балалар денсаулығы ғылыми орталығы құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізу; заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында әйелдер консультациясы бар бір ауысымда 250 адам қабылдайтын 350 төсектік перинаталдық орталықтың, Сот медицинасы орталығы Павлодар филиалының мәйітхана ғимаратын" деген сөздер "заңнамада белгіленген

тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында 500 төсектік Ана мен бала республикалық ғылыми орталығы, Сот медицинасы орталығы Павлодар филиалының мәйітхана ғимараты жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оны мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізу және" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік ведомстводан тыс жобалық сараптамадан өткен және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама, бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында 500 төсектік Ана мен бала республикалық ғылыми орталығының құрылысы жөніндегі жұмыстардың көлемі; Сот медицинасы орталығының Павлодар филиалы мәйітханасының ғимаратын пайдалануға беру."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі